

	<i>Облыстық тамыз конференция, Көкшетау қаласы</i>	
	<i>№1 орта мектебі</i>	
	<i>«Білім беру жүйесіндегі педагогикалық қызметкерлердің кәсібилігін дамыту бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстардың мазмұны мен формасын жаңарту» секциясы</i>	
	<i>Жакишева Светлана Викторовна, Степногорск қаласы, С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейі, бастауыш сынып мұғалімі, I деңгей</i>	
	<i>Конференцияға қатысушылар саны – 30 мұғалім</i>	
	<i>Уақыты: 14 тамыз 2015 жылы</i>	
<b>Шебер-сыныптың тақырыбы:</b>	<b>SMART мақсат, критериалды бағалау – сапалы білім негізі.</b>	
<b>Сілтеме:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Мұғалімге арналған нұсқаулық</li> <li>✓ Педагогикалық диалог журналы</li> </ul>	
<b>Жалпы мақсаттары:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сабақтың мақсатын дұрыс таңдау дағдысы мен сабақтың мақсаты мен болжамдалған нәтижені байланыстыра білу;</li> <li>- заманауи оқуға көшу жағдайында оқушылардың жетістіктерін жаңа заман талаптарына сай бағалай білу;</li> </ul>	
<b>Танымдық:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- критериалды бағалау туралы түсінігін кеңейту;</li> </ul>	
<b>Эмоциялық:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тыңдаушылардың зейінін тұрақтандыруға, есте сақтау қабілеттерін дамытуға ықпал ету;</li> <li>- құнды пікір айтуға, басқаның ойын сыйлауға үйрену;</li> </ul>	
<b>Әлеуметтік:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- топта диалогтік әңгіме дамыту;</li> <li>- топпен жұмыс жасай отырып ,оларды еркін ойлауға қалыптастыру.</li> </ul>	
<b>Коучинг сессиясының міндеттері:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ сабақтың мақсатын қою мәселесі бойынша мұғалімдердің білім мен практикалық дағдыларының деңгейлерін дамытады;</li> <li>✓ заманауи мектепте оқыту мен сабақ беру тәсілдерінің өзгеруі аясында аталған мәселенің өзектілігін түсінеді;</li> <li>✓ сабақтың әр кезеңін, әр минутын жоспарланған басты мақсатқа жету екендігін түсінулеріне жетеді;</li> <li>✓ мектеп мұғалімдерінің қарым-қатынас дағдыларының дамуы мен кәсіби деңгейлерінің артуына әсер етеді;</li> <li>✓ білім жүйесінде критериалды бағалаудың алатын орнын түсінеді;</li> <li>✓ өзін-өзі және өзара бағалауда критерийлерді пайдаланудың маңыздылығын айқындайды;</li> <li>✓ критериалды бағалау арқылы оқытудың тиімділігін және оқу сапасын арттыруға болатынына көздері жетеді;</li> <li>✓ оқу үдерісінде критериалды бағалауды қолдану жолдары мен түрлерін түсініп, тәжірибе бөліседі.</li> </ul>	
<b>Ресурстар:</b>	интерактивті тақта, сабаққа қажетті ресурстар.	
<b>Әдіс-тәсілдер:</b>	<p><b>Тәсілі:</b> жеке, жұппен, топпен</p>	<p><b>Әдісі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;</li> <li>2. сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;</li> <li>3. оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;</li> <li>4. оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;</li> <li>5. оқытуды басқару және көшбасшылық;</li> </ol>

		6. топтық жұмыс; 7. диалогтық оқыту.	
<b>Оқу нәтижесі:</b>	1. Жеке, жұппен, топпен жұмыс істей отырып идеялармен бөліседі, өнім жасалады, талдайды, жинақтайды, қорытындылайды, бағалайды.		
	2. сыни ойлауы дамып, өз ойларын еркін айтуға үйренеді.		
	3. өзара әрекеттесу арқылы қатысушылардың танымдық белсенділігі артады		
	4. коучинг сессиясына қатысушы мұғалімдердің педагогикалық шеберліктері жоғарылайды;		
	5. өзін-өзі және өзара бағалау туралы түсініктері қалыптасады, критериалды бағалаудың стратегияларын білетін болады;		
	6. мұғалімдер оқу үдерісінде оқушылардың жетістіктерін жаңа жүйеде бағалайтын болады;		
	7. сабақтың мақсаты мен міндетін қоюда жіберілетін қателіктерді анықтауға қатысады;		
	8. мақсат пен міндет қоюда жалпыға бірдей түрін анықтау,оның негізгілерін қолда алады;		
	9. мұғалімдердің сабақ мақсатын қоя білуге, мазмұнын белгілеуге, күтілетін нәтижені болжамдауға;		
	10. сабақ мақсаты мен болжамдалған нәтижені байланыстыруға;		
	11. оқушыларды сабақта өз мақсаттарын қоюға үйрете алуға үйренеді.		
<b>Негізгі идеялар:</b>	«SMART мақсаттар» - нақты (Specific), өлшене білетін (Measurable), әрекетке негізделген (Action-oriented), қол жетімді (Realistic) және уақытпен шектеулі (Time-bound) болуы тиіс деген қағидалар.		
	«Бағалау» - (латын сөзінен шыққан «жақын отыру» дегенді білдіреді) мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын оята алатын пәрменді тетік.		
	«Критериалды бағалау» – білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі.		
	«Баға» – символ, оқу жетістігін не санмен таңбалау, не сөзбен жеткізу.		
Ізденіс жұмыстары арқылы қатысушылардың критериалды бағалауға қызығушылығы артады, танымдық қабілеттері дамиды			
<b>Тапсырма көздері:</b>	1. Кеңейтілген тапсырмалар 2. Ізденіс жұмыстары. 3. Жұптық, жеке жұмыстар 4. Шығармашылық тапсырма		
<b>Сабақтың көрнекілігі:</b>	Интерактивті тақта, слайдтар, сызбалар, суреттер, бейнероликтер, рефлексия парақтары, стикерлер, маркерлер.		
<b>Мотивациялық кезең:</b>	Қатысушылардың қабілеттеріне қарай, ерекшелігіне қарай жұптарға бөлу		
<b>Шебер-сыныптың барысы:</b>	<b>Уақыт</b>	<b>Коучтің іс-әрекеті</b>	
<b>Ұйымдастыру кезеңі: Тренинг</b>	<b>2 мин</b>	Психологиялық ахуал туғызу.	Бейнефильм бойынша қимылдарды қайталайды.
<b>Топқа бөліну</b>	<b>4 мин</b>	Кіріс сауалнамалары беріледі (әр топтың сауалнамасы және оларды бағалау критерийлері де әртүрлі). Мұнда	Тапсырмаларды тез орындау арқылы топ-топқа ұжымдасу (Капитан, шлюпка, юнга, кеме ) <b>I.</b> Сауалнамалары бойынша 1 сауалнаманы бір топтың әр мүшесіне

қатысушылар сауалнамадағы бағалау критерийлері екенін білмейді.



жеке-жеке беріп, ол топ жетекшісі қандай сұрақ түсті, кім қандай пікірде болды, қорытынды жасайды.



**Бейнежазба**  
**(қызығушылығын**  
**ояту):**

**2 мин**

«Соқыр адам»  
Бейнежазбаны көрсету.

Топтар арасында ауысу болып тағы үшке стикер түсі тапсырма беріледі. «SMART», «мақсат», «міндет» деген не?





**ОУБ және  
ОБ (мағынаны  
ажырату):**

**25 мин**

1. Ресурспен жұмыс. Коуч бағыт береді, топтарға жаңа тақырыпты ашу үшін тапсырмалар береді.

**SMART мақсаттар қою**



Әрине, өзіне мақсат қоюдан әртүрлі жолдары бар. Солардың ішіндегі SMART деген әдіспенен бөліскім келеді. Ол тиімді әрі жетуге оңай мақсатқоюға арналған. Қысқаша айтқанда, ол қойылған мақсат нақты (Specific), өлшене білетін (Measurable), әрекетке негізделген (Action-oriented), қол жетімді (Realistic) және уақытпен шектеулі (Time-bound) болуы тиіс деген қағидалар.

Барлығы осы. Оп-оңай.

- Ал енді мысалдар келтіріп қарастырайық.
- Қай қағидалар орындалмай тұр?

Тапсырманы талқылайды.

I мысал.

1. Пәк адам болу
  2. Мінсіз болу
  3. 1) мен 2) қоса бақытты өмір сүру
- Бәрі де орындалмай тұр деп айтсақ қателеспейміз. Мүмкін оларға жетуге болады деп айтарсыз, бірақта олар нақты (specific), өлшенетін (measurable), әрекетке негізделген емес (action-oriented) және уақытпен шектеулі (time-bound) емес.



II мысал:

1. Сурет салу қабілетімді жетілдіру
2. Былтыр бастаған кітапті бітіру
3. Жасым жүзден асып шөберелерімнің тойларын көру



Жақыннан қарап көрейік.

- 1) Ол қол жетімді және едәуір нақты, бірақ уақытпен шектелмеген. Айта кететін жәйт, бұл мақсатты өлшенетін және әрекетке негізделген қылуға болады (мысалы, сурет салудан он сабақ аламын).
- 2) Кітапта неше тарау бар, қаншасы оқылып шықты және қашан бітіремін деген сұрақтарға жауап берілсе SMART-мақсат қылуға болады.
- 3) Ол жетімді емес әрі әрекетке негізделмеген, яғни, оның даму барысы толықтай біздің қолымызда емес.



III мысал.

1. <http://www.typingstudy.com> сайтында күнделікті бір сабақ ала отырып екі аптада қарамай компьютерде жазуды үйрену
2. Ағылшын тілі білімінді жоғары деңгейге көтеру: ағылшын



1. Коуч мұғалімдерді сырттай бақылап, білім, білік, дағдыларын анықтап, кері байланысқа шығады.
2. Топтарды сағат тілі бағытымен бір-бірін бағалауға дайын бағалау парағы критерийлерімен беріледі.
3. Презентациядағы сұрақ арқылы талдау жүргізіледі.
4. 4.ОүБ туралы коуч айтып өтеді. Мұғалімдерге Ф.П. Решетниковтың «Тағы да екілік» суреті ұсынылады.



- Мына суретке мұқият қараңыздаршы, ондағы отбасы мүшелерінің әрқайсының көңіл-күйі қандай?  
 - Мектептен үйіне тағы да «екілік» бағасын

тілінде екі сериал қарап шығу (Breaking Bad пен Suits), бес кітап оқып шығу (кітаптардын тізімін келтіру) және күнделікті жұмысқа бара жатқанда NPR радиосын және подкасттар тыңдау

3. Тепе-теңді өмір сүру (интеллекті, рухани, денелік, әлеуметті)

- 1) Бұл қарапайым болғанмен өте жақсы мысал. Ол нақты (Specific - қарамай жазуды үйрену), өлшенетін (Measurable - алған сабақтар саны), әрекетке негізделген (Action-oriented - күнделікті онлайн сабақ алу), жетімді (Realistic - сөзсіз) және уақытпен шектелген (Time-bound - екі аптада бітіру).
- 2) Бұл да сондай: нақты (Specific - ағылшын тілін жетілдіру), өлшенетін (Measurable - оқыған кітаптар саны және қараған сериалдар саны), әрекетке негізделген (Action-oriented - кітап оқу немесе сериал қарау), жетімді (Realistic - иә) және уақытпен шектелген (Time-bound - мысалы күнде кешке кітап оқи отырып және апта соңы сериал қарап жарты жылда бітіру).
- 3) Бұны бірнеше SMART мақсаттарға бөлуге болады.

Берілген жұмысты топ мүшелері бөліп алып орындайды; жеке, топпен талдап, шығарады.



арқалап қайтқан оқушының түр-әлпетінен нені аңғаруға болады?

- Ол өзін қалай сезініп тұр?

- Сурет неліктен «ТАҒЫ ДА екілік» деп аталады?

- Тағы да екілік! Кеше де, бүгін де, ертең де... Әріптестер, қалай ойлайсыздар, бұл баланың өз бағасын жақсартуға деген ынтасы бар ма?

- Жоқ болса, неге?

- Оған кім кінәлі, мұғалім бе, оқушы ма?

- Бүгінгі сабақта біз сіздермен қазіргі заманда білім саласындағы нағыз саясатқа айналған проблеманың бірі – бағалау мәселесіне тоқталамыз. Өйткені оқушының білімін бағалау – оның оқуға деген ынтасының мүлдем жоғалуына немесе қызығушылығының оянуына бірден-бір себеп. Мұғалімнің басты міндеті – оқушының өзіне деген, өз күшіне деген сенімінің жоғалуына жол бермеу.




#### «Дейін және кейін» стратегиясы.

«Дейін»: алдымен мұғалімдерге өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау туралы өз түсініктерін жазуды сұраймын. Әр топ ақылдаса отырып, өз ойларын постерге жазады, оны тақтаға шығып қорғайды.

Бір топ жауап бергенде қалған екі топ олардың жауаптарын тыңдап, әр топ **бірін-бірі** бағалайды.

Бағалап болғаннан кейін оларға бағалау критерийі ұсынылады:

1. Тақырыптың ашылуы



2. Дәлелдердің нақтылығы
3. Қалай бағалауға болады?
4. Сөйлеу мәнері
5. Сабақтың қай тұсында пайдалануға болады?
6. Постердің рәсімделуі.

- Жауаптарыңыз критерийлерге сай келе ме?

- Егер мен бұл критерийлерді тапсырманы орындатпас бұрын, алдын-ала бергенде сіздердің жауаптарыңыз да, бағаларыңыз да басқаша болып шығар еді.

Топтар, енді осы критерийлер бойынша **өздеріңіздің** жауаптарыңызды бағалап көріңіздер және топтар **бірін-бірі** қайтадан бағаланыңдар, қай топтың жауабы жақсырақ деп ойлайсыңдар?

Салыстырыңыздар.


- Енді ойланыңыздар, не маңыздырақ, адамның өзін-өзі бағалауы ма немесе басқаның бағалауы ма?

- Сіздер өзіңізді қалай бағаладыңыз, басқа топтар сізді қалай бағалады?

Салыстырыңыздар, өзін-өзі бағалау мен бірін-бірі бағалауда алшақтық бар ма? (Критерий бойынша дұрыс бағаласа, алшақтық болмайды).

Дәстүрлі оқытудағы бағалау мәселесіне келетін болсақ, бұл тек мұғалімнің құзіретіне жататын сабақтың ең бір жауапты кезеңі болатын.

Және оқушылар көбіне өзіне қойылған бағаға келіспеушілік білдіріп, өз реніштерін білдіріп жататын, тіпті кейде, әсіресе, тоқсан соңында олардың ата-аналары да мектепке келіп дауласып, баға мәселесіне байланысты үлкен шу шығып жататыны жасырын емес. Бүгінгі таңда осындай проблеманы шешудің бір жолы – оқушының жетістігін критерий арқылы бағалау. Бағалау критерийлері оқушыларға да, ата-аналарға да түсінікті болуы керек. Кейде белгілі бір тапсырма бойынша оқушылар критерийді өздері де ұсынуы мүмкін, бұл – олардың оқуға





деген қызығушылығының оянғаны.

Үш топқа да көбелектің суретін салуды ұсынамын.  
Салынған суреттер бойынша топтар бірін-бірі бағалайды. Неге дәл осы бағаны қойғанын түсіндіреді.  
-Айтыңыздаршы, мен осы жерде қандай қателік жібердім?  
- Енді қатысушыларға көбелек суретіне байланысты бағалау критерийін ұсынамын. Бір-біріңіздің суреттеріңізді мына критерийлер бойынша тағы да бағалап көріңіздер:

1. Көбелек 4 түрлі түспен боялған.
2. Көбелектің фигуралы 4 қанаты бар.
3. Көбелектің денесі, мұртшалары бар.
4. Көбелектің көздері, аяқтары бар.
5. Көбелек гүлге қонып отыр.

-Енді критерийлерді бергенге дейінгі және бергеннен кейінгі бағалауды салыстырыңыздар. Айырмашылық бар ма?  
-Критерий бойынша қойылған бағамен келісесіз бе?  
-Суретті салу барысындағы өз қателіктеріңізді көрдіңіз бе?  
-Жоғарыдағыдай баға мәселесіне байланысты топтар арасында қақтығыс туды ма? Неліктен деп олайсыз?  
-Бұл бір суретке пайдаланылған екі түрлі бағалаудан қандай қорытынды шығардыңыз? Нені түсіндіңіз?  
-Егер мен мұғалім ретінде тапсырманы орындатпас бұрын сіздерге бағалау критерийін ұсынсам, жоғарыдағыдай қақтығыс туар ма еді?  
- Осыны ҰМЫТПАҢЫЗ! Оқушыларға тапсырманы берердің алдында оларға бағалау критерийін ұсыныңыз, сонда оқушы алдын-ала өзінің не үшін бағаланатынын біледі де, тапсырманы дұрыс орындайды. Оқушыларға бірін-бірі бағалауға, өздерін өздері бағалауға


**Топтық жұмыс.  
Шығармашылық  
тапсырма.**

Топтардың арасында өз тобына қойылған бағамен келіспеушілік тууы мүмкін – менің көздеген мақсатым да осы: баға мәселесіне байланысты топтар арасында қақтығыс тудыру.  
- Бағалау критерийін ұсынбадым, сондықтан бағаға келіспеушілік туындады.



- Біреулер көбелектің көздерін немесе мұртшаларын салуды ұмытуы мүмкін.

мүмкіндік беріңіз. Сонда сіздің жоғарыдағы суреттегідей мектептен күнде екілік алып келетін оқушыларыңыз жойылады.



### Критериалды бағалауды пайдаланудың тиімділігі мен берері

Оқушы	Мұғалім	Ата-ана
<ul style="list-style-type: none"> <li>Өзінің тақырыпты меңгеру дәрежесін анықтайды</li> <li>Өз жұмысына сараптама жасауға үйренеді</li> <li>Өзінің білім деңгейін алдын-ала болжайды</li> <li>Өзінің және сыныптастарының білім деңгейіне сын көзімен қарауға үйренеді, сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамиды</li> <li>Критерийдің көмегімен өз білімін бағалауға мүмкіндік алады</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кері байланыс орнайды</li> <li>Оқушының кемшіліктеріне назар аударта отырып, оның дамуына бағыт береді</li> <li>Оқушыға оқудың қай тұсы қиындық туғызатынын анықтайды</li> <li>Әр оқушының мүмкіндік деңгейін біліп отырады</li> <li>Оқушының білім деңгейін анықтайды, дамуын қадағалайды</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ата-ана мен мектеп арасында кері байланыс орнайды</li> <li>Баласының не үшін баға алғанын біліп отырады</li> <li>Критерий көмегімен баласына оқуда қолдау көрсете алады</li> <li>Баласының оқудағы жетістіктерін, оның дамуын қадағалайды, біліп отырады</li> <li>Баласының білім деңгейі жайлы объективті дәлелдеме алады</li> </ul>

**Баға үшін дау-жанжал туындамайды, баға критерий бойынша әділ қойылады**

**Топтық жұмыс.  
Кластер жасау.**

*2 мин*

Әр топқа тапсырма беріледі:  
 I топ: Критериалды бағалауды пайдалану оқушыларға не береді?  
 II топ: Критериалды бағалаудан мұғалім не ұтады?  
 III топ: Критериалды бағалаудың ата-аналарға пайдасы бар ма?  
 Топтар өз кластерлерін қорғайды. Топтар бірін бірі толықтырады, ой бөліседі. Олардың жауаптары төмендегідей болуы мүмкін немесе өзім толықтырамын:




Ой – толғанис  
(шығармашылық  
жұмыс):

3 мин

Қорытындылау үшін әр топқа әртүрлі көшірмелер беріледі.  
«Дейін және кейін» стратегиясы.  
«Кейін»: мұғалімдерге тағы да өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау туралы өз түсініктерін жазуды сұраймын. Мұғалімдер осы сұрақ бойынша «Дейін» не білгендерін және «Кейін» не біліп шыққандарын салыстырады, қорытынды шығарады.



Әр топ өздеріне берілген тапсырма қорғайды.



Бағалау

3 мин

### Бағалаудың түрлері.

Мұғалімдерге бағалаудың түрлері және оларды қолдану туралы слайдтар арқылы түсіндіремін:

1. Білім ағашы;
2. Екі жұлдыз, бір тілек;
3. Алты қалпақ;
4. «Бағдаршам» әдісі;
5. Кері байланыс
6. Термометр
7. Блоб ағашы т.б.

Смайлик жапсыру арқылы топтар ақылдасып, басқа топтарды бағалайды. Топ жетекшісі өз топ мүшелерінің жұмысын бағалайды. Топтық жұмыстардың жиынтық бағасы қойылады.



Коуч қатысушыларға тренинг арқылы тілек айтады.

№	Критерийлер	Игеру деңгейі				
		1	2	3	4	5
1	Бірін-бірі бағалаудың тиімділігін білемін.	1	2	3	4	5
2	Өзін-өзі бағалау білудің пайдасын түсіндім.	1	2	3	4	5
3	Критериалды бағалауды өз тәжірибемде пайдалана аламын.	1	2	3	4	5
4	Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендім (топтық жұмыс, психологиялық ахуал, т.б.)	1	2	3	4	5
5	Бағалаудың түрлерін білемін («Білім (блог) ағашы», «Термометр», «Бағдаршам», «Кері байланыс», «Сызғыш»).	1	2	3	4	5

Рефлексия

1 мин



Кесте таратып, қатысушылар пікірін білдіреді. Әр мұғалімге өзін-өзі бағалау парақшалары үлестіріледі, олар бүгінгі сабақтан алған өз білімдерін берілген критерий арқылы бес балдық жүйе бойынша бағалайды:

№	Критерийлер	Игеру деңгейі				
		1	2	3	4	5
1	Бірін-бірі бағалаудың тиімділігін білемін.	1	2	3	4	5
2	Өзін-өзі бағалау білудің пайдасын түсіндім.	1	2	3	4	5
3	Критериалды бағалауды өз тәжірибемде пайдалана аламын.	1	2	3	4	5
4	Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендім (топтық жұмыс, психологиялық ахуал, т.б.)	1	2	3	4	5
5	Бағалаудың түрлерін білемін («Білім ағашы», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам», «Кері байланыс», «Алты қалпақ»).	1	2	3	4	5

Формативті, критериалды бағалаудың түрлері туралы материалдар жинақтау; Интернет арқылы өз білімдерін кеңейтіп отыру;  
**«Үш минуттық тыныштық»:** мұғалімдер бүгінгі сабақтан алған әсерлері, не үйреніп шыққандары туралы стикерлерге жазады, тақтаға жапсырады. Топтар бір-біріне екі жұлдыз, бір тілек айтады.

Кейінгі тапсырмалар:

3 мин



- Сөзімнің соңында айтарым, бүгінгі алған білімдеріңізбен басқа да әріптестеріңізбен бөлісіңіздер. «Бойыңда білімің бар екен, одан басқалар да өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғызыңыз», - деген Томас Фуллердің сөзін ұмытпаңыз.



